

№22 «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 3 хаттамасы

Өткізілген күні: 27. 12.2024ж

Қатысқандар: балабақша басшысы, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау
2. Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылға жоспарын талқылау бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша басшысы: Ж.С. Жолшибаева сөз алды. Балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау. Балалардың денсаулығын қорғау ережесінің орындалуы бойынша жұмыстар жоспарға сай жүргізіліп отырады. Күн тәртібіндегі кезендердің орындалуы үнемі бақылауда. Ас мәзірі түрлі дәрумендерге толы, жеткілікті қамтамасыз етілген.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды.

Басшы: Ж.С. Жолшибаева қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды.

Келесі отырыста балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, Наурыз мерекесіне дайындық жұмыстарының барысы, бірлесе өткізу жоспарлары, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Мұрат Жұлдыз Аманбекқызы

Хатшы: *Нұрсултанова*

Нұрсултанова Агила Батыкановна

